

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ

УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.  
АСФЕНДИЯРОВА

---

**Тақырыбы:**

**Сипаттамалық эпидемиология  
зерттеу, мақсаты, тапсырма, үлгі.  
Эпидемиологиялық зерттеудің  
қасиеттері. Қауыпты фактор  
тұжырымдау.**

**Факультет: ҚДС**

**Тобы: 13-002**

# Кіріспе

Эпидемиологиялық процесс күрделі құбылыс болғандықтан, оны зерттеу үшін кешенді әдістер қолданады. Эпидемиологияда пайдаланылатын әдістер мен медицинаның басқа да салаларындағы амалдар көп жағдайда бірдей болады. Мысалы, бақылау, тексеру, тарихи-географиялық сипаттау мен салыстыру, эксперимент, статистикалық және қисынды талдау және т.б.

**Эпидемиологиялық әдіс** – эпидемиялық процестің себеп-салдарлы байланысын анықтауда пайдаланылатын әдістемелік тәсілдер мен амалдардың жиынтығы; басқаша айтқанда, ол – жұқпалы аурулардың пайда болу себептерін, берілу, таралу механизмдерін анықтау және эпидемиологиялық жағдайды бағалауда қолданатын әдістердің жиынтығы. Ол – қорытынды түрдегі эпидемиологиялық диагностика деп аталатын эпидемиологияның бір бөлімі.

## Эпидемиологиялық зерттеулердің міндеті

Әр түрлі аурулардың жиілігін зерделеу. Сырқаттанушылықтың жиілік көрсеткішін (интенсивті көрсеткіштері) әр түрлі жолдармен есептеп анықтайды, олар белгілі бір тұрғындар топтары арасында жаңа аурулардың жалпы санын сипаттауы мүмкін. Таралу көрсеткіштері белгілі бір уақыт аралығында, нақты берілген аурулармен тұрғындардың қандай бөлігі зардап шегетіндігін көрсетеді. Ал сырқаттанушылық көрсеткіштері, керісінше, белгілі бір уақыт арасында аурудың жаңа жағдайларының пайда болу жиілігін сипаттайды.

## **Қауіп – қатерлі аумақ:**

қоздырғыштың вирулентті түрінің қалыптасуынан және оның таралуын қамтамасыз ететін факторлардың әсерінен болған сырқаттанушылықтың жоғарғы көрсеткіші бар аумақ.

**Қауіп - қатерлі әлеуметтік  
әртүрлі жастағы топтар:**

қоздырғыштың эпидемиялық  
түрі арқылы және оның таралу  
факторларының әсерінен  
болған сырқаттанушылықтың  
жоғарғы көрсеткіші.

**\* Қауіп – қатерлі ұжым :**

**қоздырғыштың эпидемиялық түрі арқылы және оның таралу факторларының әсерінен болған сырқаттанушылықтың жоғарғы көрсеткіштері бар нақты ұжымдар ( балабақша, мектеп, жатақхана)**



**\* Қауіп – қатерлі уақыт:** эпидемиялық түрге байланысты қоздырғыштың таралу факторларымен анықталатын сырқаттанушылықтың жағдай жасайтын факторлар :

- қоздырғыштың эпидемиялық түрін тарататын қауіп – қатерлік ;
- жұғу қауіп – қатері
- ауру қауіп - қатері

# \*Эпидемиологиялық зерттеудің қателіктері

\*Жүйелі қателердің ықтималдығын азайту эпидемиологиялық зерттеулер жүргізудегі маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Жүйелі қателер экспозиция мен аурудың арасындағы байланысты дұрыс бағалаудан туындамайды. Жүйелі қателердің негізгі түрлері - іріктеу қателігі, ақпараттық қателіктер, жады қателігі, интервьюердің қателігі және араласатын факторлар.



- \* *Таңдау қателігі*, егер зерттеу тобында экспозиция немесе аурулар негізінде іріктеу қандай да бір түрде зерттелген ауру немесе экспозициямен байланысты болса.
- \* *Ақпараттың қателігі* әртүрлі зерттеу топтарында аурудың пайда болуы немесе нәтижесі туралы ақпаратты алу жолында жүйелі айырмашылық болған жағдайда туындайды.
- \* *Жадтың қателігі* оқиға әсеріне байланысты әртүрлі жазылған кезде пайда болады
- \* *Сұхбатшының қателігі*, сұхбаткерлер теріс фактордың респондентке қандай дәрежеде ықпал ететінін біледі және бұл ауру туралы сұрақтарға әсер етуі мүмкін

# 1. Салыстырмалы мәндерін есептеу

*Экстенсивті коэффициенттер* бөліктің бүтінге қатынасын сипаттайды, яғни 100% деп қабылданған бүтіндегі бөліктің үлесін (үлес мөлшерін), пайызын анықтайды.

Статистикалық жиынтықтың құрамын сипаттауға қолданылады. Мысалы: барлық аурулардың арасындағы тұмау аурушылдығының үлес мөлшері (үлесі); жұмысшылардағы жалпы жарақаттанулар арасындағы өндірістік жарақаттанудың үлесі (өндірістік жарақаттанулар санының жалпы жарақаттанулар санына қатынасын 100%-ға көбейту).

## *Интенсивті коэффициенттер*

кұбылыстардың өздері тараған ортадағы жиілігін көрсетеді (таралу деңгейін).

Практикада оларды халық денсаулығын, медициналық-демографиялық процестерді бағалау үшін қолданады. Мысалы: 100 жұмысшыға шаққанда уақытша еңбекке жарамсыздықпен аурушылдық жағдайларының саны; 100 тұрғынға шаққанда гипертониялық аурумен аурушылдық саны; 1000 адамға шаққанда туылғандар саны).